

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 773 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қазан N 1219

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігін монополиясыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 773 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

2-тармақтың:

үшінші абзацындағы "әрбір маршрут" деген сөздер "маршруттар пакеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші абзацтар алынып тасталсын.

4-тармақтың төртінші абзацындағы "жергілікті салықтар мен төлемдер бойынша жеңілдіктерді" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі